

«Миллионды таратамыз» Акциясын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

«Миллионды таратамыз» акциясын өткізудің осы ережелері (бұдан әрі – Ереже) «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің, БСН 200840014753 (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және «Миллионды таратамыз» ақшалай сыйлықтар ұтыс тігу бойынша акцияның (бұдан әрі – Акция) барлық елеулі шарттарын қамтиды.

Төменде баяндалған шарттар қабылданған және Акция шарттары орындалған жағдайда жеке тұлға қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен қатысушының (қатысушылардың) қарым-қатынасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты осы Ереженің мәтінімен мұқият танысыңыз және егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге Акцияға қатысудан бас тартуды ұсынады.

2. Негізгі ақпарат

2.1. **Акция** - клиенттік базаны ұлғайтуға, микрокредиттер ашуға, Клиенттердің адалдығын арттыруға бағытталған науқан;

2.2. Жалпы жұлде қоры - 1 000 000 (бір миллион) теңге.

Жұлде қоры 5 жеңімпаз арасында бөлінеді:

1 орын - 500 000 (бес жүз мың) теңге;

2 орын - 250 000 (екі жүз елу мың) теңге;

3 орын – 150 000 (жүз елу мың) теңге;

4 орын - 50 000 (елу мың) теңге;

5 орын - 50 000 (елу мың) теңге.

2.3. Акцияға 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, осы Ережеде белгіленген тәртіппен Акцияның барлық шарттарын орындаған жеке тұлғалар қатысады. Ұйымдастырушының қызметкерлері, олармен үлестес тұлғалар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ Ұйымдастырушының бір мезгілде 3 (үш) және одан да көп Акцияларына қатысатын тұлғалар қатыса алмайды. Азаматтығы жоқ тұлғалар қатыса алмайды. Егер қатысушы жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмесе немесе оның әрекеттері Ұйымдастырушыда жеңіс үшін жосықсыз әдістерді қолдануда күдік туғызатын болса, Ұйымдастырушы Акцияның кез келген нәтижелерін шығару кезінде оның белсенділігін ескермеуге құқылы.

2.4. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

Микрокредит - Ұйымдастырушы клиентке микрокредит беру туралы шарт негізінде, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ұлттық валютада беретін ақша;

Жеңімпаз - Акция шарттарына сәйкес келетін, осы Ережеге сәйкес осындай деп танылған Акцияға Қатысушы;

Сайт - Ұйымдастырушының <http://moneyman.kz/>. ресми интернет-ресурсы және/немесе «moneyman.kz» мобильді қосымшасы және/немесе Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі Instagram@**moneymankz** ресми аккаунты;

2.5. Акцияның шарттары:

2.5.1. Ұйымдастырушының сайтында 2023 жылғы 3 шілдеден 2023 жылғы 31 шілдеге дейінгі кез келген қолжетімді сомаға Микрокредитті ресімдеу қажет.

2.5.2. «Миллионды таратамыз» акциясын өткізу мерзімі: 2023 жылғы 3-31 шілде аралығын қамтиды.

2.5.3. Акция шеңберінде ұтыс ойынын нәтижелерін өткізу күні - 2023 жылғы 5 тамыз.

3. Акцияның мәні

3.1. Акцияда ақшалай сыйлықтар ойнатылады. Ұйымдастырушы жеңімпазды ұтыс ойыны өткізілген күні @**moneymankz** Instagram аккаунтының тікелей эфирінде random.org интернет-ресурсы арқылы кездейсоқ сандар генераторы арқылы микрокредит беру туралы жасалған шарттың нөмірі бойынша айқындайды. Жеңімпаздар тізімі сайтта 2023 жылдың 05 тамызында «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланады. Қатысушы бір реттен артық Акция жеңімпазы бола алмайды.

3.2. Жеңімпаз жеңіске жеткен жағдайда Ұйымдастырушыға жеңімпаз анықталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұлдені алуға және оны алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге

ниеті туралы хабарлауға, сондай-ақ Ұйымдастырушыға сұратылған құжаттарды, өзінің дербес деректерін және Жүлдені алу үшін қажетті банк карточкасының деректемелерін беруге міндетті.

3.3. Ұйымдастырушы өткізілетін Акцияға байланысты салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

3.4. Осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімде жеңімпаз Жүлдені алуға ниет білдірген немесе оны алудан бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы ұтыс ойынын өткізудің жаңа күнін айқындайды және Ереженің 3.1-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес жаңа жеңімпазды айқындау үшін кездейсоқ сандар генераторын қайта іске қосады.

3.5. Сыйлық атаулы болып табылады және үшінші тұлғаларға берілмейді.

3.6. Сыйлық тек кездейсоқ сандар генераторы арқылы таңдалған жеңімпазға беріледі.

3.7. Ұйымдастырушы жеңімпаз қатысушының атын жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын өзіне қалдырады, сондай-ақ оны жарнамалық роликтерге қатысу үшін тартуға, өзінің жарнамалық мақсаттарында фото және бейне материалдарды пайдалануға құқылы.

3.8. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу мерзімін ұзартуға, жүлделерді беру рәсімін өзгертуге және акция мен өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

3.9. Ұйымдастырушы ұтыс ойынын өткізуден бас тартқан жағдайларда Сайтта тиісті Ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы ұтыс ойыны өткізілмеген деп танылады. Бұл ретте ұтыс ойыны болмаған жағдайларда Ұйымдастырушыға қатысты қандай да бір жауапкершілік шараларын қолдануға болмайды.

3.10. Акцияның барлық қатысушылары оған қатыса отырып, осы Ережеде көзделген талаптармен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Ұйымдастырушы Акция ережелерін бұзған немесе жүлдені алу үшін алаяқтық және/немесе алдау актілерін жасаған қатысушыларды анықтаса (ұстаса), қатысушы/жеңімпаз жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы қабылдайтын жүлдені алудан бас тарту туралы шешім түпкілікті болып табылады.

3.11. Ұйымдастырушы жауапты болып табылмайды:

- 1) Қатысушылардың осы Ережеде көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);
- 2) Қатысушының осы Ережелерді білмеуінен туындаған жағдайлар үшін;
- 3) Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және (немесе) алаяқтық және (немесе) Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналары нәтижесінде Қатысушылардан хаттар, қоңыраулар, факсимильді және (немесе) электрондық хабарламалар, оның ішінде почта немесе курьерлік қызметтің, байланыс ұйымдарының кінәсінен сәлемдемелер келіп түспегені үшін;
- 4) Акцияны өткізу және жүлдені беру мақсатында Қатысушылардан толық емес және (немесе) дұрыс емес байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді алу үшін.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар осы Ереженің шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауаптылықта болады немесе одан босатылады.

4.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болып табылады.

5. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер

5.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес қатысушы осы Ереженің шарттарымен келісе отырып, Ұйымдастырушының Қатысушы, оның ЖСН және телефон нөмірі туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды тек осы Ереженің мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жүзеге асыруына келісімін береді.

5.2. Ереженің шарттарымен келісе отырып, қатысушы, соның ішінде осы Ереженің шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған қатысушы туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты мұндай ақпаратты беру Ұйымдастырушы үшін міндетті болған кезде Ұйымдастырушы тек осы Ережені орындау мақсаттары үшін немесе осы Ережеде көзделген жағдайларда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана үшінші тұлғаларға бере алатындығымен келіседі.

6. Басқа шарттар

6.1. Егер осы Ережені бұзу еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, оның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (оның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей Ұйымдастырушының осы Ереженің шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге мән-жайлардың әсерінен туындаса Ұйымдастырушы Ереженің

шарттарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Ұйымдастырушы Ережелердің шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты қатысушы сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

6.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе Бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысының салдарынан орын алған, жіберуді немесе акцияға қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан Акцияға қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда жалпы жүлде қорының сомасынан аспауға тиіс.

7. Ұйымдастырушының Деректемелері

«ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС БСН 200840014753

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 9 қабат, пошталық индексі 050012